

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ

Өмірбекова Маргарита Шаяхынқызы
Филология ғылымының кандидаты,
мәдениеттанушы.

Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі және мемлекеттік тілі. Қазақ тілінде дүние жүзінің әр елінде тұратын қазақтар сөйлейді. Көне ескерткіштердегі тілдің сөздік қоры мен грамматикалық құрылысы ұрпақтан ұрпаққа ауысып, өзінің бастапқы қалпын сақтап қалды. Тілдің тарихын қоғамнан бөліп қарастыруға болмайды. Тарихтың әр кезеңінде жазу жүйесінің қалыптасуына, сондай-ақ тілдегі сөздік қордың көбейуіне сол қоғамда өмір сүрген адамдар ықпал етті. Бүгінгі күні көнеден сақталған антропонимдер (кісі аттары), ономастика (жер, су, тайпа, ру, халық аттары), этнографиялық атаулар әдеби тілде кеңінен қолданылады.

Қазақ жазуы үш түрлі жазу жүйесін басынан өткізді. Елімізде араб графикасы 30-жылдарға дейін қолданылды. Қазақ сөздерін араб алфавитімен жазуға болмайды, латын алфавитіне көшу керек деген ұсыныстар кеңес үкіметіне дейін де айтылып келген. Ғ.Мусабаев: “Араб алфавитінің ерекшелігі-мұнда белгілі бір принцип жоқ, не консонантизм, не вокализм емес. Неге сүйенуді оқытушы да, оқушы да біле алмайды” – деген [1;66].

Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің “Қазақтың жана емлесі туралы декреті” жарияланғаннан кейін 1929 жылы 25 шілдеде латын графикасына көшті. Латын графикасында 29 әріп, оның 9 дауысты (а,ә,е,о,ө,ұ,ү,ы,і), ал 18-і дауыссыз (б,в,г,ғ,д,ж,з,к, қ,л,м,н,п,р,с,т,Һ,ш), сондай-ақ екеуі (й,у) жарты дауысты болды. Латын графикасының негізгі принципі фонетикалық болып, тек 1938 жылдың басындағы қаулыдан кейін бас әріпшен жазу заңдастырылып, емленің негізгі принципі морфологиялық деп есептелді. Латын әріптеріне қосымша (и,у,х,ф,в) әріптері енгізілді.

Қазақстан кеңес үкіметінің басқа да халықтары сияқты 1940 жылдары кириллицаға көшті. Бұл алфавиттегі 41 әріпке кейіннен ә әрпі қосылды. Қазіргі қазақ алфавитінде 42 әріп бар, оның 33-і орыс тілінен өзгеріссіз өтсе, кириллицаның негізінде 9 жаңа әріп жасалды (ә,ғ,қ,ң,ө,ұ,ү,і,Һ). Оның 15-і дауысты, 25-і дауыссыз, ал ь,ъ дыбыстық мәні жоқ таңба.

Кириллицаға көшу кезінде тіліміздің өзіндік ерекшелігі ескерілмей дауыссыз әріптердің аты орыс тіліндегідей айтылып, ал дауыссыздарды айтқанда алдынан не артынан ы немесе і дыбыстарының бірін қосып айту қалыптасты. Мұндай тәсілді ғалымдар тілдің үйлесімділігі деп түсіндірді. М.Томанов: “Біздің қазіргі заманғы тіліміз даму барысында қайта құрылған, өзгеріске түсіп жанарған жүйелер тобымен бірге, қайшылықтар, тілдің басқа жүйелік заңдылықтарымен үйлесе бермейтін құбылыстар тобынан тұратыны белгілі. Әрине, механизмнің логикалық жетілгендігі соншалық, тіл қолданушылар ондай үйлеспеушілікті байқамайды” – дейді [2;11,12]. Орыс графикасына көшу салдарынан түркі тілдеріне ғана тән сингармонизм заңы ескерілмеді. Бүкіл түркі грамматикасының атасы Махмұд Қашқари еңбегінде бірінші рет сингармонизм заңдылығы түсіндірілген. Тілдің мұндай заңдылықтары, әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты.

Париж қаласында 1825 жылы “Азия” атты журналда Г.Ю. Клапорттың

“Қазақ тілі жайында” атты мақаласы жарияланды. Ол қазақтардың мекен жайы мен этникалық құрамын зерттей келе, үш жүзге бөлінген қазақтар бір тілде диалектісіз сөйлейді деп мәлімдеген [3;5,6]. Еліміздің әр аймағындағы жергілікті тұрғындардың тілінде диалект сөздер кездеседі, оны ресми тілде қолданбағанымен, әдеби шығармаларда диалект сөздерді жазушылар жергілікті кейіпкерін сомдау үшін пайдаланады. Қазақ тілін, ділін, тарихын, салт-дәстүрін зерттеген басқа ұлттардың ғалымдарында деректерді бұрма-лап айту жиі кездеседі.

Қазақ тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу Н.И.Ильминскийдің “Материалы к изучению киргизского языка” атты ғылыми мақаласынан басталады. Ол ғылыми зерттеулер Қазан қаласында 1861 жылы жарық көрген. Н.И.Ильминский қазақ сөздерін орыс әріптерімен жазғанда 19 дауыссыз дыбыстың бесеуін орыс алфавитімен жаза алмағандықтан, латын әрпін қосқан. Ал қазақ сөздерін араб әріптерімен жазғанда барлық 19 дауыссыз дыбыс сәйкес келеді. Араб, кириллица, латын графикасында дыбыс және әріптердің дәлме-дәл сәйкес келуі мүмкін емес. Дүние жүзінің ортақ тіліне арналған ағылшын тілінің 46 фонемасын беру үшін 26 таңба, сондай-ақ оған қосымша 118 графема (әріптердің синонимі ретінде) қолданылады. Сондықтан бүгінгі күні бірден латынның 26 алфавитіне қазақ тіліндегі 42 әріп таңбасы үйлесіп кетеді деген пайымдаулар ақылға сыймайды. Қазақ жазуында үш рет ауысқан алфавиттің тілге кері әсері де болды. Сондықтан әлі де латын әрпіне көшу мәселесін ғалымдар жан-жақты зерттеуі тиіс. Қазақ тілін алғашқылардың бірі болып зерттеген П.М.Мелиоранскийдің “Краткая грамматика казак-киргизского языка” атты ғылыми еңбегі 1894-1897 жылдары жарық көрді. Бұл ғылыми мақалалар бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Филолог ғалымдар көп жағдайда жанатұжырымдар айту үшін көбінесе жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйенеді. Әр жылдары қазақ тілін зерттеген ғалымдардың ғылыми тұжырымдамалары біржақты емес. Сондықтан тіл, алфавит мәселесіне келгенде жеңілтектік танытуға болмайды.

Қазақтардың жазу тарихында руникалық орхон-енисей, латын, араб, кириллица жазуын қолданғанын көреміз. Мұндай ауыс-түйістер “Қазақ тілінің грамматикасына” кері әсерін тигізбей қоймады. “Дала уәлаяты” газетіндегі 1988 жылы шыққан мақалада, бүгінгі күнге дейін қазақ тілінде басылып шыққан кітап жоқ, шығармалардың барлығы ноғайша, сартша жазылған делінген. Эпостардың алғашқы варианттары Қазан, Ташкент қаласында басылып шығып, оны жергілікті ғалымдар зерттеді.

Қазақ тілін ғылыми тұрғыдан жүйелеу керек деп алғашқы рет қоғам қайраткері А.Байтұрсынов айтқан. Ол: “Біз де тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек”-деген пікірлері ешқашан өз маңызын жоймақ емес [4;10,11]. Сондықтан А.Байтұрсынов 1929 жылы қазақ тілінің фонетикасын, морфологиясы мен синтаксисін зерттеп, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформалар жасады. Сондай-ақ қазақ тілінің жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартуда ол еңбек етті.

С.Мырзабековтің “Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы” атты оқу құралында А.Байтұрсыновтың осыдан 80 жыл бұрын айтқан қарапайым қағидасының әлі де шешімін таппағанын өкінішпен жазады. А.Байтұрсынов “Тіл – құрал” атты еңбегінде қадағалап айтқан: “Дыбыс таңбасын қарып деп айтамыз. Сондықтан жазған сөз ішінде пәлен қарып бар дейміз. Ал айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс пен қарып екеуі екі нәрсе. Бірін-біріне қатыстырып, шатыстырмасқа тиіс. Дыбыс естілетін, көзге көрінбейтін нәрсе, қарып көрінетін, естілмейтін нәрсе “– дейді [5;5].

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына өз үлесін қосқан лингвистер көп. Олардың қазіргі қазақ тіліне арналған оқулықтары мен оқу құралдары тілдің дұрыс айтылып жазылуына маңызды рөл атқарады. Корр.мүшесі, ф.ғ.д. М.Балақаев пен академик, ф.ғ.д. М.Серғалиевтің “Қазақ тілі мәдениеті”, М.Серғалиев, А.Айғабылов, С.Мырзабековтің “Қазіргі қазақ әдеби тілі”, профессор, ф.ғ.д. А.Айғабыловтың “Қазақ тілінің лексикологиясы”, профессор, ф.ғ.д.

С. Мырзабековтің “Қазақ тілінің фонетикасы” атты еңбектерін атап өтуге болады. Ал қазақ тілінің тарихи грамматикасына арнап еліміздің белгілі ғалымдары М.Томанов пен Ғ. Мусабаяев оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазды.

Кеңес үкіметіне дейін идеографиялық, идеограммалық немесе көне жазу жүйесі болған халықтардың барлығы кириллица алфавитіне көшті. Бүгінгі күні түркі тобына кіретін халықтардың әдеби тілі қалыптасқан халықтар: азербайжан, алтай, башқұрт, гагауыз, қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, құмық, ноғай, татар, тува, өзбек, ұйғыр, хакас (Таулы Алтай), чуваш, якут, кумықтар (Дагестан), балкарлар (Кабардино-Балкар АССР), қарашай-шеркеш, қарайым (Литовия ССР), долгондар (Долгонненец АССР, Таймыр аймағы) тілдері. Бұл халықтар түркі тобына кіргенімен, оларды топтастыру кезінде тілдерінің жақындығына қарай төмендегідей классификацияланады:

1. Чуваш-болғар тобы (чуваш тілі);
2. Якут тобы (якут, долган тілі);
3. Оңтүстік Сібір тобы (алтай, хакас, шор, фуой қырғыздары, чулым түркілері, сарығ ұйғырлар, тува, тофлар тілдері);
4. Қарлук немесе оңтүстік батыс тобы (ұйғыр, лобнар, өзбек);
5. Қыпшақ, немесе солтүстік-батыс (татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, құмық, қарашай-балқар, ноғай, қарайым);
6. Оғыз немесе оңтүстік батыс тобы (түркімен, салар, хорсан-түркі, гагауыз, түріктер);
7. Халадж тобы.

Өлі түркі тілдеріне *хазар, половец, печенег* тілдері жатады, ол тілде жазылған түркі филологы Махмуд Қашқаридің (1074 ж) қолжазбасы бүгінгі күнге дейін сақталған. Бұдан басқа түркілердің әдеби тілі орхон-енисей руникалық жазумен тас ескерткіштерге жазылған. Түркі тілі агглютинативті, сондай-ақ түркі тілінің фонетикасында сингармонизм заңдылығы бойынша сөздер дауысты дыбыстардан құрылған (сирек дауыссыз дыбыстар да қолданады). Түркі тобына кіретін елдердің тілдері:

Генетикалық туыстық (тілдердің пайда болу тарихы бір).

Ареалдық жақындық (екі тілдің арасындағы аралас-құралас).

Типологиялық ұқсастық (тілдердің құрлысындағы заңдылықтар) болып бөлінеді.

Тілдік ерекшеліктеріне қарай топтасып, классификацияланғанымен олар, бір-біріне туыс жақын халықтар. Түркияда (азербайжан), Афганистанда (түркмен, афшорлар, өзбектер, қазақтар), Монғолияда (қазақтар, тува, хотондар), Қытайда (уйғыр, лобнар, қазақ, саноры, сарығ-үйғыр, фуой қырғыздары), Болғарияда (гагауыз, түрік, татарлар), Румынияда (татар), Югославияда (түріктер), Сібірде (түркі тобына кіретін сібір азшылық халықтары) өмір сүреді. Алтай тобына кіретін Сібір азшылық халықтары жергілікті түркі тілдерінде сөйлейді. Юкагирлердің палеоазиат тілдері, сондай-ақ тунгус-манчжур, монғол, корей тілдері Алтай тобының құрамына кіреді.

Түркі халықтарының ежелден қалыптасқан пиктография (суретті жазу), руникалық орхон-енесей, талас жазулары болған. Қазан төңкерісіне дейін жазуы болмады, тек кириллица алфавитіне көшкеннен соң ғана көшпенділер оқып-жаза бастады деген пікір кеңес: үкіметінің солақай саясатынан туындаған.

Қазақ жазу тарихында көне ескерткіштердегі таңбалар мен көне жазулар құнды дерек болып табылады. Елімізде қолданылып жүрген кириллица графикасында жоқтан пайда болған жоқ. Негізгі фонетикалық жүйеге бір әріптер қосылып, кейбір әріптер түсіп қалып, ал кейбір әріптері тұрақты сақталып гректердің уницаласы (ресми хаттары) бойынша қалыптасқан жазу жүйесі. Бұл алфавитті 863 жылы Морав князі Ростислав пен Византия императоры Михайл III тапсырмасымен ағайынды грецияның Солонки қаласынан келген Кирилл (Константин) мен Мифодий месса оқу үшін ойлап тапқан.

Кейбір деректерде кириллица жазуы 1 жылы Болғар патшасы Симон тұсында Преслав соборында пайда болған. Сонымен кириллица алфавиті көшпенділердің хандық құрған Болғария жерінде алғаш рет қолданысқа түсті. Ғұн мемлекетінің орнына Хунгария (Венгрия), Волж бұлғарларының (дулу, оғыздар) болғария мемлекеттері құрылды. Венгр тілі угрофин тобының угроға (венгерский, хантыйский, мансый) тобына кіреді. Түркі қағанаты кезеңінде дулу, оғыз және басқала туыс тайпаларды қосып Аспарух хан Хазар мемлекетін құрды [6;12]. Аспарух хан Болғария мемлекетінің негізін қалаған қағандардың бірі. Түркі қағанаттары тұсында кириллица алфавитімен жазылған жазу қолдана басталды десек болады. Олардың таңбаларының түп нұсқасы руникалық орхон-енесей таңбаларына ұқсас. Сондықтан кириллица жазуын “славян жазу” деп атау дұрыс емес.

Славяндардың алғашқы алфавиті глаголица мен кириллица болған. Кирилл-Мифодийдің X-XI ғасырда жазған летописерінен бүгінгі күні бізге жеткен көшірмесі жоқ. X ғасырда глаголицамен жазылған Киевте мессаның үзіндісі ғана сақталған.

Глаголица жазуын лингвистер Кирилл мен Мифодийге дейін болған “славян жазуы” деп тас, қышқа, алтын, күміс тиындарға, ұршықтардың басына жазылған “құпия таңбалардан” ежелгі жазу жүйесін қалыптастырмақ болған, бірақ бұл әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды.

Еуразия аймағында қорғандардан табылған көне ескерткіштерге

бейнеленген таңбалар, рулық таңбалар, көне жазулар мен пиктограммалар (сурет) түркі ежелгі жазуының алғашқы нұсқасы деп айтуға болады.

Есік қорғанынан 28 таңба бейнеленген күміс ыдыс табылды. Сол екі қатар жазылған таңбалардың оқылуы туралы лингвистердің пікірі әр түрлі. А.Байтұрсынов әріп көзге көрінетін, естілмейтін нәрсе дегендей. Көне таңбаларды сыртқы түріне қарай талдасақ, 11 таңба Талас, енесей жазуларымен, ал қалғандары 1-2 таңбадан этрус, арамей, финикия әріптеріне ортақ [7;105]. Бұдан шығатын қорытынды орхон-енесей руникалық жазуларының әріп- таңбалары өте көнеден келе жатқанын көреміз. Орхон-енесей руникалық көне жазуында сақ жәдігерлеріндегі таңбалар кездеседі. Тарихымыздың әр дәуірінде қалыптасқан таңбалар мен көне жазулардан көшпенділердің жазу жүйесі б.з.б. антика кезеңінде қалыптасқанына көз жеткізуге болады. Ежелгі дәуірдің рәміздік таңбалары: нүкте, шеңбер, төртқұлақ, үшбұрыш, төртбұрыш, сынық, доға, ирек, жолақ, таңбалалары белгілі бір ұғымды тұспалдаған. Көне қолөнер бұйымдарында геометриялық бұрыштар, ою-өрнек, рулық, тайпалық таңбалар, сондай-ақ тотем жануарларының контур суретін бейнеленген. Мұндай рәміздік көне таңбалар көшпенділердің этногенетикалық тарихына зерттеу жүргізуде мол ақпарат береді [8;8]. Сондай-ақ таңба, тотемдер, ежелгі тарихтан ақпарат беретін жазу ескерткіші. Н.А.Аристов:” рассматривать древние тамговые знаки, которые большинство случаев еще надо прочесть, то гипотеза ученого может приобрести несколько большую правдоподобность. Случайные внешние сопоставление тюркских рун с тамгами и другими древними знаками малоубидительны”-дейді [9;241]. Ғалымның бұл пікірі бүгінгі күні өз өзектілігін жоғалтпады. Ежелгі жазуды оқу, рәміздік құпия таңбалардың мағынасын талдау мәселесі әлі де түбегейлі зерттелуі тиіс.

Диаголица, латын гректердің әріптерінен құралған жазу түрі. Бұл алфавиттер гректердің жазуынан пайда болған, ал гректердің жазуы семит, финикия жазуының ықпалынан пайда болып, дамыған түрі. Финикиліктер алфавитті ойлап шығарғанымен, гректер жазуды практикалық жүзінде қолданып, жазу жүйесін жетілдірді. Ал түркі жазуының руникалық таңбаларынан семит, ежелгі грек, италий, кіші азия әріптерімен генетикалық байланысын көруге болады. Бұдан шығатын қорытынды түркілердің рун жазуы б.з.б. пайда болған. Ондай тарихи дерекке III-II б.з.б. ежелгі логографикалық алфавит дәлел. Ежелгі руникалық жазу жүйесінде 35 әріп, ал талас жазуында 31 әріп болған. Ал қазіргі қазақ тілінде 42 әріп қолданылып жүр. Ғасырлар бойы қоғамда қолданылатын тілдің тарихи грамматикасы дамып, жетіліп заманымызға қарай өзгеріске ұшырап отырады. Қазақ тіліндегі соңғы өзгеріс қазақ жазуына кириллица алфавитінің кіруімен байланыстыруға болады. Еуразия аймағының көне тас ескерткіштеріне түсірілген жазулар, таңбалар бүгінгі күнге дейін зерттеліп, бір жүйеге түскен жоқ. Ежелгі көшпенділердің алтын кесеге, таяқшаға, белдік пен жолақ жіптерге суретті таңбалар жазуын көне адамдардың алғашқы жазу қалыптасуын көреміз. Жазу жүйесінің алғашқы қадамы суретті жазулардан басталады. Таулы Алтайда түркілер былғары, қайың қабықтарын, сондай-ақ басқа да материалдарды жазуға қолданған. Мұндай жазулар әдетте ұзақ сақталмайды. Қайың қабығына сүйектің үшкір ұшымен сызып жазу түрі Евразия мен Солтүстік Америкада

да кездеседі. Ең көне жазуларға хет (аккад, вавилон), сондай-ақ б.з.б. II ғасырда үндіевропалық тілінде қыш тақтайшаларға суретті ироглифтер жатады. Көне жазулардың негізін қалаған шумерлердің идеографиялық жазулары буынға бөлініп жазылудан басталған. Мысалы жазудағы садақ сөзі кейіннен “Li” таңба болып жазыла бастады. Түркі тілдердің түбірі де бір буынды болып келеді. Идеографиялық жазуды б.з.б. III-I ғасырда Шумер, Вавилон, Ассирия, Хеттер, Урарту халықтары қолданған.

В.И.Абаев: “Народы и племена, сменя друг друга на определенной территории, не исчезают бесследно каждое новое племя получит и сохраняет кое-что от своих предшественников”-дейді. Еуразия аймағын ғасырлар бойы көшпенділер мекендеген. Түркі тобына кіретін халықтардың көпшілігі Еуразия аймағында өмір сүреді. Бүгінгі күні дүние жүзінде 35 түркі тілінде 100 млн. адам сөйлейді.

1. *Ғ.Мусабаев*. Қазақ тілі тарихынан. Алматы: “Мектеп” баспасы, 1988 ж., 66 б.
2. *М.Томанов*. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: “Мектеп” баспасы, 1988-10, 12 б.
3. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: “Ғылым”, 1993 ж.-5,6 б.
4. *А.Байтұрсынов*. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, пуб. Мақалалар және әдеби зерттеу (Құрастырған Р.Нұрғалиев)-Алматы: “Жалын”, 1991-10, 11
5. *С.Мырзабеков*. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Оқу құралы-Алматы: “Зият пресс”, 2006-5б.
6. Золотая Орда. Казахское ханство. Часть 1. Детская энциклопедия Казахстана. -Алматы издательство Аруна, 2001-5 б.
7. *М.Ш.Өмірбекова*. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. Оқу құралы. Алматы: “Зият пресс”, 2004 ж-105 б.
8. *С.Т.Кляшторный*. Зарубежная тюркология, 8 стр.
9. Орхонские надписи. Кюль-тегина. Бильге-Каган. Тонюкук. Международный клуб Абая. Семей. 2001-241.

РЕЗЮМЕ

В статье “Қазақтың жазу тарихы” исследуется графика казахского языка, а также история возникновения казахской письменности и ее проблемы.

Письменность кочевников изображающие животных, зверей, растений и небесные тела с давних пор казались чем-то тайнственным. В античности эти знаки считались магическими. Древняя письменность кочевников сохранились в основном на каменных памятниках. После революции в современном казахском языке началось употребляется алфавит кириллица. Сегодня в мире на 1 тюркских языках говорят 100 млн. человек.